

ӘОЖ 6872

**КОРСЕТ БҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТІК ТАЛАБЫН ТАЛДАУ**  
**АНАЛИЗ ФУНКЦИОНАЛЬНЫХ ТРЕБОВАНИЙ К КОРСЕТНЫМ ИЗДЕЛИЯМ**  
**ANALYSIS FUNCTIONAL REQUIREMENT TO CORSET PRODUCTS**

*А.Ж. ТАЛҒАТБЕКОВА, А.Н. ЖЕКЕБАЕВА*  
*А.Ж. ТАЛҒАТБЕКОВА, А.Н. ЖЕКЕБАЕВА*  
*A. ZH. TALGATBEKOVA, A.N. ZHEKEBAEVA*

(Алматы технологиялық университеті)  
(Алматинский технологический университет)  
(Almaty Technological University)  
E-mail: Aizhok\_92\_92@mail.ru

*Мақалада әйелдер корсет бұйымдарына қойылған талаптар талданып, тұрғылықты региондарға байланысты әйелдер денебітімінің даму ерекшеліктері қарастырылған. Корсеттің дұрыс қолданылуы мен оның таңдалуы денебітімнің ақауларын жоюға, сүйек қаңқасының дұрыс дамуына, әйелдер денебітімінің сыртқы көрінісі мен денсаулығын сақтауына себепін тигізеді. Корсеттік бұйымдардың қолданысқа қажеттілігі мен тиімділігі атап көрсетілді. Бұл мақаланың жаңалығы ретінде әйелдер денебітімін зерттей отырып, корсетті бұйымдардың жетілдірілген қызметтік ерекшеліктері ұсынылады.*

*В статье рассмотрены требования, предъявляемые к женским корсетным изделиям, а также развитие телосложения в зависимости от региона проживания. Правильное использование и подбор корсета позволит исправить дефекты фигуры, правильно развиваться костному скелету, что позволит сохранить здоровье и внешний вид женской фигуры. Новизна заключается в том, что исследуя особенности телосложения женщин с полной фигурей, предлагается разработать корсетное изделие с усовершенствованными функциональными особенностями.*

*The article describes the requirements met by women's corsetry and the development of body, depending on the region of residence. Proper use and selection of the corset will allow correct defects in the figure, the right to develop skeletal follows from this that preserve the health and appearance of the female figure. The novelty of the paper is that by examining the structural features of the Kazakhstan women figures, develop corsetry improve functional features that will help shape with defects level to standard shapes.*

**Негізгі сөздер:** корсет бұйымдары, әйелдер тұлғасы, әйелдер денебітімі, тұтынушылық талаптар, корсетті жобалау, әйелдер тұлғасының өзгеруі.

**Ключевые слова:** корсетные изделия, женская фигура, женское телосложение, функциональные требования, проектирование корсета, изменение женской фигуры.

**Keywords:** corsetry, female figure, female figure, functional requirements, the design of the corset, the change of the female figure.

***Кіріспе***

Заманауи кезеңде әйелдер қауымы өздерінің сыртқы келбеті мен тұлғаларына көп

көңіл бөлуде. Жас қыздардан бастап, егде жастағы әйелдерге дейін өздерінің әдемі де сымбатты болып жүрулерін қалайды. Сол

үшін олар арнайы спорт залдарына барып денелерін шынықтырады немесе уақыттары тығыз әйелдер арнайы корсет бұйымдарын киеді. Яғни, арнайы резеңке қабатты корсет

денені кеудеден бастап, бөксеге дейін жауып, терлету және қызметі арқылы тұлғаны қалпына шектеулі бір уақытта келтіреді.



Сурет 1 - Ежелгі корсеттің түрлері [1]

Корсет бұйымдарының ежелгі кезден 18 ғасырдан бастап пайда болған. Сол кезеңдегі әйелдер кең етектегі, ұзындығы еденге дейін, қыпша белді көйлектер киген кезде, көйлектерінің ішінен арнайы корсет киген. Бұндай корсетті кию үшін әйелдерге бірнеше көмекшілер көмектескен. Бірі корсеттің бауын тетікшеге өткізіп тұрса, бірі тартып, бірі ұшын мықтылап байлап тұрған. Оларға корсетті киюдің өзі бір шаруа болып көрінген. Біріншіден корсетті адамға кигізудің өзі бір күш болса, екіншіден ол көп уақытты алған, үшіншіден корсеттің сыртынан көлемді көйлек кию де оңайға түспеген. Міне осы мәселелердің шешімі ретінде уақыт өте келе тігін өндірісінің мамандары жеңілдетіліп киілетін корсет жасай бастаған. Бұндай корсеттер 1-суретте көрсетілген [1]. Ерте кезден бастап корсеттерге тұтынушылық талаптар қойыла бастаған. Яғни, корсеттер тек сыртқы көрінісіне байланысты ғана емес, күнделікті қолданыста да ыңғайлы болуы ескеріліп өндірілген.

Корсеттің тұтынушылық талаптар бойынша қызметі:

- Қызметтік талапқа жауап беруі;
- Эстетикалық талапқа жауап беруі;
- Эксплуатациялық талапқа жауап беруі;
- Гигиеналық талапқа жауап беруі;
- Экономикалық талапқа жауап беруі

және т.б.

Корсеттің қызметтік талабына келесі шарттар жатады:

- тұлғаның дұрыс қалыптасуына себебін тигізетін, яғни:

- еңсенің дұрыс қалыптасуы;
- кеуде клеткасының дұрыс дамуы;

- бел аймағында артық көлемнің болмауы;

- сәннің бағытына сай бел бұйымдарының белден төмен деңгейден басталғандығынан, бел мен бөксе араларында артық май қабаты мен бұлшықеттердің жиырылуына жол бермеу [2].

#### *Зерттеу нысаны мен әдісі*

Зерттеу нысаны болып әйелдер тұлғасы мен корсеттік бұйымдар табылады.


Осы мақаланың зерттеу әдісі – теориялық әдіс болып табылады.

Әйелдер тұлғасы жас мөлшерлеріне байланысты өздерінің ерекшеліктері болады. 2 суретте көрсетілгендей жас қыздардың дене бітімдері шыныққан болып келсе, уақыт өте келе дене бітімдері де өзгереді. Ал тұрмыс құрып, нәрестелі болған әйелдердің дене бітімдерінің қалыптасуында ерекшеліктері болады. Және де жасына жеткен әйелдер қауымы болса, өз мерзіміне қарай өзіндік ерекшеліктерге ене бастайды. Сондықтан әйелдер тұлғасының жас мөлшеріне байланысты дамуы келесі кезеңдер бойынша зерттеледі:

- жасөспірім қыз балалардың дене бітімдерін талдау (13-16 жас);
- мектеп бітірген қыздардың дене бітімдерін талдау (16-17 жас);
- жас қыздардың дене бітімдерін талдау (17-25 жас);
- жас келіншектердің дене бітімдерін талдау (25-40 жас);
- орта жастағы әйелдердің дене бітімдерін талдау (40-50 жас);
- орта жастан асқан әйелдердің дене бітімдерін талдау (50-60 жас);

• зейнеткер әйелдердің дене бітімдерін талдау (60-70 жас);

• егде жастағы әйелдердің дене бітімдерін талдау (70 жас және одан жоғары жас) [3];



Сурет 2 - Әйелдердің жас мөлшеріне байланысты өзгеруі [3]

Әйелдер қауымы тұрғылықты регионна да байланысты өз ерекшеліктеріне ие болады. Мемлекетіміздің төрт жағын қоршаған мемлекеттерге байланысты және әр облыстың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты әйелдер тұлғалары да сан қилы болып келеді. Сондықтан әйелдер тұлғасының тұрақты мекеніне байланысты дамуын анықтау үшін келесі облыстар тұрғындарының дене бітімдері зерттеледі:

- Шығыс Қазақстан облысының әйелдері
- Батыс Қазақстан облысының әйелдері;
- Оңтүстік Қазақстан облысының әйелдері;


• Солтүстік Қазақстан облысының әйелдері.

Әйелдер тұлғасының орындайтын қызметіне байланысты бөлінуі де әртүрлі болып келеді 3 суретте көрсетілген:

а) қимыл қозғалыстары белсенді жұмыс жасайтын әйелдер (құрылыста жұмыс істейтін, техникалық қызмет көрсететін, бала күтімімен үйде отыратын әйелдер және тағы басқа);

б) қимыл қозғалыстары орташа жұмыс жасайтын әйелдер (медбикелер, оқытушылар, тігін өндірісінің мамандары және тағы басқа);

в) қимыл қозғалыстары төмен жұмыс жасайтын әйелдер (кеңседе, банкте және тағы басқа) [4];



Сурет 3 - Әйелдер тұлғасының орындайтын қызметіне байланысты бөлінуі

#### **Нәтижелері мен оларды талқылау**

Осы анықталған шарттар бойынша әйелдер тұлғасының қаншалықты денебітімінің қозғалыста болуы арқылы сыртқы келбетінің қорытындысын байқауға болады.

Жас қыздар мен қыз келіншектер өздерінің жастықтарына қарай белсенді қозғалып, денебітімдерін шынықтырады. Ал орта жас-

тағы әйелдер мен егде жастағы әйелдер денсаулығының төмендегеніне байланысты белсенді қозғалмай, дене бітімдерін нормада ұстай алмайды. Сонымен қатар қалада тұратын әйелдер мен ауылда тұратын әйелдердің де дене бітімдеріне өзіндік айырмашылықтары болады. Белсенді жұмыс жасайтын әйелдер өздерінің күнделікті қызметте және үйлерінде

тұрмыстық жұмыстарының арқасында өздерін қажетті нормада ұстайды. Ал қимыл қозғалысы аз болатын әйелдер арнайы корсет киюлеріне әкеп соқтырады.

Тігін өндірісіндегі корсет бұйымының дамуы әр периодтың өзгерісіне байланысты өзіндік ерекшеліктеріне ене бастады. Ежелгі корсеттер тек белді тарту үшін ғана қолданылса, заманауи корсеттер еңсені түзету, ішті

тарту және кеуде клеткасының дұрыс дамуы үшін қолданылады [5].

Корсет бұйымдары тек эстетикалық талаптарға жауап беру үшін ғана емес, денсаулықты жақсарту үшін де қолданылады. Төмендегі 1-кестеде көрсетілгендей корсеттердің арнайы мақсатта қолданылатын түрлерін ажыратып білуге болады [6].

Кесте-1. Корсеттердің қолданылу аймағы бойынша жіктелуі

Корсеттің түрлері	Қолданылу саласы	Корсетті қолдану мақсаты	Мәселелер шешімі
Медициналық корсет	Дәрігердің ұсынысы бойынша қолданылады	Денсаулықты түзету мақсаты	Омыртқаны түзету, еңсені түзету, аяқтағы тамырларды қысып тұру, дененің кемшіліктерінің орындарын
Жүкті әйелдерге арналған арнайы корсет	Дәрігердің ұсынысы бойынша қолданылады	Іштің төмен түсуіне жол бермеу мақсаты	тууға дейінгі (баланы көтеру мақсаты) және туғаннан кейінгі (ішті тарту мақсаты) және т.б.
Сәндік корсет	Сәннің бағытына сай қолданылады	Эстетикалық тұрғыда әдемі болу мақсаты	Сәннің бағытына және уақыттың ағымына байланысты мәселелерді шешеді
Іш киімдік корсет	Бюстгалтермен тұтас болып келген іш киім	Кеудеден төмен аумақтағы артық май қабатын жасыру мақсаты	Бірқелкі дамымаған май қабатын бірқалыпты тарту

Қазіргі уақытта сұранысқа ие корсеттер бойынша талдау жасалып, қолданылу түрлеріне байланысты жіктелді. Осыған орай елімізде корсеттерді қолданатын тұтынушылардың санының артып отырғандығы белгілі. Себебі, медициналық тұрғыдан қарағанда еңсені түзету, омыртқаны түзету секілді денсаулықтарының кемшіліктерін жою мақсатында пайдаланатыны анықталды.

#### **Қорытынды**

Мақалада корсет бұйымдарының шығу тарихы, алғашқы конструкциясы және қолданылулары жайлы зерттеліп, олардың қолданылуы мен атқаратын қызметтері талданған. Қазақстан Республикасының әйелдері регион бойынша зерттелмегендіктен, мақалада бұл мәселенің бастамасы қарастырылған. Әйелдер тұлғасының денебітімі мен жасының ұлғаюына байланысты өзгерістері қаралып талданған. Қазіргі таңда көпшілік әйелдер қауымының ең басты мәселесі ол дене бітімінің дұрыс қалыптаспауы және де артық май клеткаларының бірқелкі таралмауы. Осыған орай корсеттік бұйымдар талданып, жіктелінді. Бо-

лашақта осы корсеттік бұйымның мәселелері тереңірек зерттелініп, жаңа корсеттік бұйымдар жобаланады.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Акилова З.Т. Проектирование корсетных изделий - М: Легкая индустрия, 1979. - 168 с.
2. Антипова А.И. Конструирование и технология корсетных изделий - М.: Легкая и пищевая промышленность, 1984. - 160 с.
3. Корнилова Н.Л. Разработка и исследование технологии изготовления корсетных изделий специального назначения: - дисс. на соиск. уч. ст. к.т.н. - Иваново, 1999. - 158 с.
4. Классификация типовых фигур женщин для проектирования корсетных изделий поясной группы и граций из эластичных материалов: Методические указания - М.: ЦНИИШП, 1990. – 17 с.
5. Ивкин М.П. Совершенствование методов эргономического проектирования корсетных изделий с учётом особенностей телосложения женских фигур: Автореф. дисс. на соиск. уч. ст. к.т.н. – М., 2010. - 24 с.
6. Корнилова Н.Л. Особенности проектирования корсетных изделий // Модное бельё. – 2009. - №2(34). - С.88-91.